

Жамбыл облысы білім басқармасы
Меркі ауданы әкімдігінің білім бөлімі



Баяндама тақырыбы:

Инклюзивті білім берудің ерекшеліктері

Баяндама авторы: №28 жалпы орта білім беретін мектебінің
математика пәні мұғалімі - **Алтыбаев Арслан Қадырбекұлы**

Меркі, 2023жыл

Инклюзивті білім беру деген не?

Инклюзивті білім беру – барлық кемсітушілік формасына тосқауыл қоятын, оқушының білім алудағы әртүрлі қажеттіліктері мен алуан түрлілігін есепке ала отырып, сапалы білім беруді қамтамасыз етуге бағытталған жалпы білім беруді дамытудың үздіксіз процесі.

Инклюзивті білім беру балалардың физикалық, психикалық, зияткерлік, мәдени-этникалық, тілдік және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, сапалы білім беру ортасына ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларды қосуды, барлық кедергілерді жоюды, олардың сапалы білім алуы үшін әлеуметтік бейімделуін, социумге кірігуін көздейді.

Қазақстан Республикасының
«Білім туралы» Заңы.

Инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс.



ИНКЛЮЗИВТІ ОҚУ ОРТАСЫН ҚҰРУ




ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Мұғалімге ұсынымдар:

- ❖ анық және дауысын сәл көтеріп сөйлеу;
- ❖ қарапайым сөздерді қолдану;
- ❖ орындықта отырып емес, барлық оқушы көретіндей тұрып сөйлеу;
- ❖ оқушылардың назарын аудару үшін «мұқият тыңдаңыз» т.с.с сөз орамдарын қолдана отырып, олармен визуалды байланыс орнату, маңызды ақпаратты қайталау;
- ❖ хабарламаны түсінікті ету үшін сөйлеу кезінде ым-ишара мен мимиканы қолдану;
- ❖ балаларды сұрақтар қоюға тарту, егер түсініксіз нәрсе болса, балалардың барлығының дұрыс түсінгенін тексеру;
- ❖ ауызша қарым-қатынасты көрнекі суреттермен және жазбаша хабарламалармен толықтыру;
- ❖ ақпаратты нақты жеткізу үшін балаларды мимика немесе ым-ишараларды қолдануға шақыру.



ИНКЛЮЗИВТІ ОҚУ ОРТАСЫН ҚҰРУ



Сынып бөлмесінің жабдықталуы

- Сынып бөлмесі балалар еркін жүре алатындай етіп ұйымдастырылады (әсіресе қозғалыс немесе көру проблемалары болса).
- Кейбір балаларға жарық көбірек қажет болса, ал кейбір балалар жарыққа сезімтал болуы мүмкін екенін ескеру керек.
- Оқушылардың орындықтары немесе парталарын топта бірге жұмыс істей алатындай орналастыруға болады.
- Графиктер мен плакаттар (көрнекі құралдар) барлық балаларға жақсы көрінетін тұсқа, үлкен қаріптермен, суреттер және символдармен беріле отырып, ілінгені абзал.

ИНКЛЮЗИВТІ ОҚУ ОРТАСЫН ҚҰРУ

ЖЕКЕ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мұғалімдер сабақ жоспарлау барысында балалардың жеке қажеттіліктерін ескеруі керек.

Мұғалім сабақ жоспарлауда ЕҚБ бар балаға арналған жеке оқу бағдарламасында көрсетілген мазмұнды назарда ұстайды.

ЖЕКЕ КӨМЕК КӨРСЕТУ

Балалар жеке көмекті қалай ала алады?

Сынып қандай-да бір тапсырманы орындап жатқанда, мұғалім бір немесе екі баламен жеке жұмыс істей алады, олармен сабақтың белгілі бір материалын бекітеді немесе оларға тақырыпқа байланысты жеке тапсырманы орындауға көмектеседі.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар басқа оқушылармен бірге жұпта жұмыс істей алады. Басқа оқушылар өз тапсырмаларын аяқтағаннан кейін, жұптарына қолдау көрсетіп, көмектеседі.

Мектептегі жоғары сынып оқушылары ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға көмектесуге дайын болуы мүмкін. Бұл әлеуметтік көмек курсының бір бөлігі аясында жүргізілуі мүмкін.

Волонтерлер мен оңалту орталықтарының қызметкерлері жеке қолдаудың тағы бір көзі болып табылады. Олар баланы және оның отбасын бұрыннан білетіндіктен, бала мектеп табалдырығын аттағаннан бастап өз көмектерін бере алады.



Суретке сілтеме:

© Emmi Herler-Westeråker

Көмекші материалдар

Дидактикалық құралдар

Сынып жиһазы

Көлік құралдары

Байланыс құралдары



ИНКЛЮЗИВТІ ОҚУ ОРТАСЫН ҚҰРУ



Суреттерге сілтеме: © Emmi Herler-Westeråker

ИНКЛЮЗИВТІ СЫНЫПТА САБАҚ ЖОСПАРЛАУ

Инклюзивті оқытуды ұйымдастыруға қойылатын міндеттер:

- ❑ Сыныптағы арнайы білім беру жағдайларын жасауды қажет ететін балалардың санатын анықтау.
- ❑ Сыныпта белгілі бір балалардың қажеттіліктеріне байланысты қол жетімді ортаны ұйымдастыру
- ❑ Балалар ұжымында эмоционалды жайлылық атмосферасын құру, ынтымақтастық рухында қарым-қатынасты қалыптастыру және балалардың әрқайсысының ерекшеліктерін қабылдау.
- ❑ Оқу жұмысын ұйымдастырудың заманауи технологияларын, әдістерін, тәсілдерін, формаларын игеру, сондай-ақ оларды білім алушылардың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес қолдану.
- ❑ Қолданыстағы оқу бағдарламаларын, дидактикалық материалдарды бейімдеу немесе жаңаларын әзірлеу. Балалардың мүмкіндіктеріне сәйкес оқу жетістіктерін, оқу және оқудан тыс іс-әрекеттерді бағалау тәсілдерін игеру және пайдалану.
- ❑ Ынтымақтастық және жауапкершілікті бөлу рухында ата-аналармен өзара әрекеттесуді ұйымдастыру.



ИНКЛЮЗИВТІ СЫНЫПТА ЖҰМЫС ІСТЕУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Тапсырманы әр оқушыға өзіне тән жұмыс қарқынымен орындауға мүмкіндік беріңіз. Жұмыс көлемі біртіндеп артып, оқушының жеке жұмыс қарқынына сай берілуі тиіс.
- Оқушының жұмыс қарқынын дараландыру - баланың мектептегі психологиялық жайлылығының қажетті шарты.
- Дараландыру топтық жұмысты ұйымдастыруға ықпал етуі мүмкін.
- Балаларда өзін-өзі бағалауды қалыптастыру үшін топ құрамын өзгертіп отыруды ескеру қажет.



- Сабақта жұмыс түрлері мен формаларын үнемі өзгертіп отыру баланың мазасыздығын жеңілдетуге, барлық балалардың зейінін арттыруға мүмкіндік береді.
- Барлық дерлік балалар өз әрекеттерінің ретін дауыстап айтуы керек. Басқаларға кедергі келтірмеу үшін балаларды жай, ақырын сөйлеуге, сыбырлап сөйлеуге үйретіңіз.
- Баланың танымдық іс-әрекетке деген табиғи қажеттілігін ұстану маңызды және баланы мәжбүрлемей керек. Балаларға өздері қызығып орындайтын тапсырмаларды жиі ұсыну қажет.


ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӘМБЕБАП ДИЗАЙНЫ

Оқытудың әмбебап дизайны (ОӘД) – икемді оқу бағдарламалары арқылы барлық білім алушыларға инклюзивті ортада білім алуға тең мүмкіндік беру үшін қолданбалы арнайы технологиялар орталығы (ҚАТО) әзірлеген тәсілдеме.

Оқытудың әмбебап дизайны тәсілдемесінің негізгі мақсаты – жалпы сыныпта отырған барлық оқушыларға оқудың қол жетімділігін қамтамасыз ету.

Оқытудың әмбебап дизайны ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қарапайым сынып жағдайында оқуға тартуды көздейді.

2000 жылы ЮНИСЕФ бойынша білім беру сапасының бес аспектісі



Оқушыларды оқу процесіне тартудың көптеген құралдары: математика сабағындағы ОӘД қолданған сынып мысалы

Мұғалімнің математикалық ұғымдармен, сондай-ақ математикалық есептеулермен жұмыс істеуде қиналатын тағы бір топ оқушылары бар. Кейбір оқушылардың математикалық дағдылары сыныптастарынан әлдеқайда нашар және олар жұмысқа қатысқысы келмейді. Мұғалімге оқушыларды оқу процесіне ынталандыратын және қызықтыратын көптеген әдістер қажет болады, мысалы:

- Оқушылардың математикаға деген қызығушылығын арттыру және күнделікті өмірде оқу мақсаттары мен математика арасындағы байланыстарды анықтай алуы үшін олар сандар кездесетін барлық жерлерді жазып алады. Содан кейін олар шағын топтарда математиканың күнделікті өмірде қалай қолданылатыны туралы қабырға газеті үшін пост дайындайды.
- Мұғалім оқушылардың жазбаларындағы ақпаратты олар шешетін мәтін есептер құру үшін пайдаланады. Ол оқушыларды математиканың маңыздылығының өзіндік негіздемесін жасауға ынталандыру үшін, олардың өмірлік тәжірибесін пайдаланады. Мұғалім оқушылардың өмірінен мысалдарды пайдалану олардың оқу процесіне қатысуын қамтамасыз етіп, сондай-ақ, математиканы түсінуін мәнді етеді деп үміттенеді.
- Кейбір оқушылар өте ұяң болғандықтан сабаққа қатысқысы келмейді. Мұғалім бұл оқушыларды өзіне жұп таңдап, тақтада бірге жұмыс істеуге шақырады. Мұғалім бүкіл сыныпқа сұрақ қоймас бұрын, осы тақтада бірге жұмыс істеге шыққан оқушыларға сұрақтарды алдын ала береді, содан кейін барып, сұрақтар бүкіл сыныппен талқыланады. Бұл оқушыларға жауап беруге дайындалуға көбірек уақыт береді және өз бастамасымен сөйлеу барысында өзін сенімді және жайлы сезінуге мүмкіндік береді.


- Мұғалім өзінің кейбір оқушыларының сыныптастарымен қарым-қатынас жасауды шынымен ұнататынын біледі, сондықтан ол математикалық есептерін шешу үшін оқушылар бірлесіп жұмыс істейтін шағын топтар құрады. Ал кейбір оқушылар өз бетінше, жеке жұмыс істеуді жөн көреді. Оқушылардың өздеріне қолайлы оқу жағдайын таңдап, топпен немесе өз бетінше жұмыс істеуіне мүмкіндіктері болады.
- Барлық оқушылардың оқу материалын және оқу форматтарын ұсыну нұсқаларын таңдау мүмкіндігі бар. Мысалы, сабақ барысында «математикалық орталықтар» құрылады және әр «орталықта» бірнеше іс-шаралар жоспарланады. Оқушылар орталықтардың барлығына қатыса отырып, орындалатын тапсырмаларды тандайды. Оқушылар математика орталығында жұмыс істеп жатқанда, мұғалім шағын топтармен немесе жеке оқушылармен жұмыс жасап, оларға қосымша түсініктемелер немесе мысалдар бере алады. Ол басқа оқушылардың дағдыларын немесе білімдерін кеңейту арқылы жоғары деңгейде ойлануға мүмкіндік береді.
- Мұғалім оқу нұсқаларын таңдауда оқушылардың қызығушылықтарын ескереді. Кейбір оқушылар күнделікті өмірде практикалық қолдану арқылы математикалық есептерді шешуге қызығушылық танытады. Ал кейбіреулері өздерінің болашақтағы жоспарларымен немесе кәсіби таңдауларымен байланысты математикалық есептерді ұнатады. Кейбір оқушылар күтпеген жерден таңдау жасауды ұнататындықтан «Тосын сый қоржынындағы» математикалық есептерді тандайды. Сондай-ақ, оқушыны шамадан тыс жүктемеу үшін әртүрлі деңгейдегі математикалық есептерді ұсынылады.
- Мұғалім мүмкіндігі шектеулі оқушының бір математикалық есептен келесі есепке өтуі қиын болады деп есептейді. Бұл оқушыға мұғалім, әрекеттің аяқталуын болжауға жеткілікті уақыт беру үшін, таймер береді.

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРМЕН САРАЛАП ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Саралауды іске асыру шеңберінде шартты түрде үш топ айқындалады
Бұл топтардың құрамы өзгеріп тұруы мүмкін



1-топ
(үнемі қосымша
көмекті қажет ететін
оқушылар)



1-топтағы оқушылар төмен және өзгермелі жұмыс қабілеттілігімен, тез шаршағыштығымен, өз іс-әрекеттерін ұйымдастырудағы қиындықтармен, есте сақтау, зейін, ойлау дамуының төмен деңгейімен сипатталады. Оларға тұрақты ынталандыру, сендіруші уәждеме, уақыт режимін нақты бақылау, тапсырмаларды орындау сапасын тексеру, даму тапсырмаларын қосу қажет.




2-топ
(тапсырманы өз
бетінше орындай алатын
оқушылар)



2-топтағы оқушылардың есте сақтауы мен зейіні, ойлау қабілеті сөйлеу тілі жақсы дамыған, олар елгезектігімен, адалдығымен, оқуға жоғары ынтасымен ерекшеленеді. Оларға мұғалімнің дер кезіндегі бақылауы, орынды ынталандыруы қажет, сабақта шығармашылықты қажет ететін тапсырмаларды берген жақсы.



3-топ
(аз уақытта жоғары
сапалы дәрежеде жұмыс
істейтін және басқаларға
көмек көрсете алатын
оқушылар)



3-топтағы оқушылар танымдық ізденіс, эмоционалды қатысу, ынталандыру және өзінің оқу әрекетін реттеу қабілеттерін қамтитын «академиялық дарындылыққа» ие.

ЕББҚ БАР ОҚУШЫЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ САРАЛАНҒАН ТӘСІЛІ НЕГІЗІНДЕ САБАҚ ЖОСПАРЫН ӘЗІРЛЕУ

САБАҚ КЕЗЕҢДЕРІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН САРАЛАП ОҚЫТУ ТӘСІЛДЕРІ

1. СҰРАҚ ҚОЮ

Жазбаша сауал

- Түрлі дәрежедегі карточкаларды, үш деңгейдегі тесттерді пайдалануға болады.
- Жазбаша сұрақ қою кезінде оқушылардың барлығына күрделілік деңгейі бірдей тапсырма ұсынуға болады, бірақ әр топ үшін оны қалай орындау керек екенін көрсететін ақпарат мөлшерін саралау қажет:
 - ✓ 3-топ үшін – тек қана мақсат;
 - ✓ 2-топ үшін – назар аударуды қажет ететін кейбір тармақтар;
 - ✓ 1-топ үшін – тапсырманы орындау бойынша толық нұсқаулық.

Білімді ауызша тексеру

Алдымен «С» және «В» топтарының оқушыларын шақыруға болады, «А» тобының оқушылары олардың жауаптарын толықтыруына болады, мысалы, қандай да бір мәселе бойынша қосымша мәліметтерді табу (зерттеушілік әрекетінің элементтері).

ЕББҚ БАР ОҚУШЫЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ САРАЛАНҒАН ТӘСІЛІ НЕГІЗІНДЕ САБАҚ ЖОСПАРЫН ӘЗІРЛЕУ

САБАҚ КЕЗЕҢДЕРІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН САРАЛАП ОҚЫТУ ТӘСІЛДЕРІ

2. Жаңа материалды түсіндіру

Жаңа материалды түсіндіру кезінде «А» тобының оқушыларына проблемалық сұрақтар қоюға болады, ал «С» және «В» топтарының оқушыларына бұрын зерделенген материал сұрақтарына жауап беру бойынша тапсырмалар беруге болады, сондай-ақ жекелеген оқушыларға «А» тобының оқушыларынан соң олардың жауабын қайталауды сұрауға болады.

Егер 1-топқа арналған тапсырма негізінен репродуктивті іс-әрекетті және аздап ішінара іздеуді қамтыса, ал 2-топта, керісінше, ішінара іздеу сипатындағы тапсырмалар басым болады; 3-топта жоғары ойлауды қажет ететін проблемалық тапсырмалар қамтылады.

ЕББҚ БАР ОҚУШЫЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ САРАЛАНҒАН ТӘСІЛІ НЕГІЗІНДЕ САБАҚ ЖОСПАРЫН ӘЗІРЛЕУ

САБАҚ КЕЗЕҢДЕРІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН САРАЛАП ОҚЫТУ ТӘСІЛДЕРІ

3. Жаңа материалды бекіту

Сабақтың осы кезеңінде ЕБҚ бар оқушылармен әр тақырып бойынша басты сұрақтарға тоқтала кетіп, тақырыптың негізгі тұстарын қайталау маңызды.

«В» тобының оқушыларына оқылған материал бойынша жауап жоспарын құру тапсырмасын беруге болады, бұл уақытта «С» тобының оқушылары тесттегі алдын ала қойылған сұрақтарға жауап іздейді, ал «А» тобының оқушылары синтез, жинақтап бағалау арқылы қорытынды жасайды.

Құрамы ауыспалы жұптарда «А» тобының оқушылары «С» тобының оқушыларына практикалық тапсырманы орындауға көмектесетін бірін-бірі оқытуды ұйымдастыруға болады.

4. Үй тапсырмасы

«А» тобының оқушыларына қосымша әдебиеттерді оқып, зерттеу сипатындағы баяндама жасау тапсырмасын беруге болады. «В» және «С» топтарының оқушыларына баяндама жасауды ұсынуға болады, бірақ дайындық үшін қажетті әдебиетті беруге немесе дереккөзді ұсынуға, оқушының қабілетін ескере отырып, мазмұндау үшін материалдың көлемін шамалап беруге болады.

ЕББҚ БАР БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУ

- ЕББҚ бар балаларға арналған жиынтық жұмыс арнайы әзірленген сараланған тапсырмаларды қолданып жүргізіледі.
- Жиынтық жұмыс тапсырмаларын, бағалау критерийлері мен дескрипторларды мұғалім психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің маманымен бірлесіп әзірлеуіне болады.
- Жиынтық жұмыс өткізудің уақыт мөлшерін оқушының жеке қажеттіліктерін ескере отырып өзгертуге (ұзартуға) болады.
- Жиынтық жұмысты орындау кезінде қажет болған жағдайда оқушыға демалуға немесе басқа да қажетті іс-шаралар үшін қысқа үзіліс берілуі мүмкін.
- Жиынтық жұмысты бағалау жалпы қабылданған критерийлермен қатар баланың психофизиологиялық жағдайы мен дамуының ерекшеліктерін ескеретін критерийлерді қолданып жүзеге асырылады.

ЕББҚ-ға арналған есеп (тапсырманы өз бетінше орындай алатын оқушылар тобы)

Аружанда 500 тг бар. Ал Әсеттің ақшасы Аружанның ақшасының 40%-ын құрайды. Екеуінде жалпы барлығы неше теңге бар ?

Аружанның ақшасы Әсетке қарағанда неше теңгеге артық ?

$$\text{Ш: } 500 \cdot 40\% = 500 \cdot 0,4 = 200$$

$$500 + 200 = 700$$

$$500 - 200 = 300$$

Ж: 700 тг; 300 тг.

Дескриптор:

-санның пайызын табады;

-амалды қолданып, есептің шешімін табады

Назарларыңызға рақмет !!!